

ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, IV

Әдебиеттану: жануарларға оралу





Мақсаты: адам мен жануарлардың қарым-қатынасын зерттеу аясындағы қазіргі заманғы бағыттардың сипатын түсіну.

Тірек сөздер: адам, жануар, өмір.

Бұл дәрісте сіздермен Дженнифер МакДонеллдің «Жануарларға оралу, әдебиеттану және академия» атты мақаласы туралы сөз ететін боламыз.

Дженнифер МакДонелл қазіргі заманғы теория мен викториандық мәдениет бойынша Жаңа Англия университетінде (Австралия) дәріс береді. Өзінің мақаласында ол әдебиеттанушылық талдаудың маңызды бағыттарының бірін – адам мен жан-жануар қарым-қатынасын зерттейді.

Адам мен жан-жануарлар әлемін қарастыруды, Дженнифер МакДонелл – тек динамикалық сипатта деп қана қоймай, адам мен жануарлар өмірінің арасындағы тығыз байланысты зерттеудің әдіснамалық конвергенциясы мен тұжырымдамасының кең таралған саласы деп атайды. Жан-жануарлар туралы байсалды тұжырымдар жасау үшін, автордың ойынша, адам мен жануарлар категориясына біршама деңгейде күмәнмен қараған жөн.

Дженнифер МакДонелл* өз мақаласында «жан-жануар» сөзін адами емес жаратылысқа қатысты қолданғанын айтады. Сондай-ақ, ол жан-жануарларды кең мағынасында, атап айтсақ, осы замандағы қасиетіне сай қарастырғанын, адам мен жан-жануарлар арасындағы байланысты «антрозоология» деп атағанын жазады. Бұл зерттеулерді жан-жануарларды лабораторияда зерттеудің нәтижесінде жазылған тар шеңбердегі ғылыми еңбектермен шатастырмаған дұрыс.

I Жануарлар туралы зерттеулер

Дженнифер МакДонелл* ғалымдар Кэри Вулф пен Сьюзан МакХьюдың жан-жануарларды қатаң философиялық тұрғыдан зерттеу саналы субъект бейнесі мен оның антропоцентристік негіздеріне түбегейлі түрде күмән келтіретіні туралы пікірін қолдайды.

«Егер жануарлар ойлай білмесе, оны тілде қалай бейнелеуге болады? Жануарларды қалай естиміз?», – деп сұрайды осы ретте МакДонелл*. Академиялық курсты құрастыру немесе әдебиет пен жануарлар тақырыбында мақала жазуда мәтіннің мүмкіндіктері өте жоғары болады. Сондықтан адамдар әдебиет пен мәдениеттегі жануарлар бейнесін жиі қолданады. Мұндай курстарды, МакДонеллдің* ойынша, әдебиет факультетінің оқытушылары және студенттеріне ортақ мәселені қарастырудан бастау керек: көркем әдебиеттен.

Жануарлар мен олардың әлеміне деген қызығушылық бізді әдебиет формаларының аспектілерін – мысал, метафора, тарих – қарастыруға итермеледі. Мәтіндер әрі адамға, әрі жыртқыштарға тән айуандық негізді қалай сипаттайды? Адамдар мен жануарлар арасындағы аффективті (эмоционалды) немесе реляциялық байланыс дегеніміз не? Алғашқы түсініктер антропоморфизм, жануарларды адами қабылдау тарихы, эволюциялық теория, биомедицина, климаттың өзгеруі, зоосаябақтар, түрлердің жойылуы, қоршаған ортаны қорғау, мал шаруашылық кешен және биосаяси билік секілді мәселелер төңірегінде өрбіді.

Жануарларды оқыту – күрделі пәнаралық мәселе. Әдебиеттегі «Адамдар мен жануарларды зерттеу» курсына туыс пәндер, мәселен, тарих пен феминизм, философия, биология, этология, экология, салыстырмалы психология, зоология, приматология т.б. ендірілді. Қазіргі заманғы зерттеулерде жануарлар әдеби тұрғыдан әрқилы түсіндірілуде, ал 1980 жылдарға дейінгі гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар саласында параллель еңбектер салыстырмалы түрде қарастырылып келген-ді. Соңғы онжылдықта бірқатар ғалымдар тобы гендер мен анималистік табиғатқа қатысты ескірген гуманистік тұжырымдар туралы жобаларды жүзеге асыруды бастады. Континенталды шығармашылық тұрғыдан Жиль Делез бен Феликс Гваттаридің «Мыңдаған үстірт» (1987), Питер Сингердің «Жануарларды бостандыққа шығару» (1975), Том Реганның «Жануарлардың құқығы туралы мәселе» (1983), когнитивті этология саласындағы Джейн Гудол, Дайана Фосси мен Дайана Пеппербургтің еңбектері әдебиетшілер үшін жол ашып берді деуге болады.



1990 жылдары әдебиеттанудағы зерттеулердің бұл саласы қарқынды дами бастады, соңғы онжылдықта әдебиеттің әртүрлі жанларындағы жануарлардың бейнелерін талдауға арналған бірқатар құнды жұмыстар жасалды.

Дженнифер МакДонеллдің* ойынша, жануарлар тақырыбына арналған көркем мәтіндер жеткілікті. Мәселен, Свифт, Дефо, Мелвилл, Мэри Шеллидің туындылары, сондай-ақ қазіргі дәуірдегі бірқатар шығармалар: Тимоти Финдлидің, Ян Мартельдің, Маргарет Этвудтың т.б көркем туындыларын атауға болады.

Бұл тізімге Дженнифер МакДонелл* «Жануарлар» сериясын қосады, 50-ден астам томнан тұратын бұл еңбекте жануарлардың тек табиғаты ғана емес, олардың адамзат баласына тигізген тарихи және әдеби әсері, әсіресе, әдеби туындыларында бейнеленуі қарастырылған.

Зерттеулердің бұл тобына МакДонелл* жануарлар мен адамдардың байланысы тақырыбында өткізілген конференциялар, симпозиумдар, арнайы журналдар т.б. жатқызады.

Жануарлар туралы әдеби зерттеулердің тағы бір қыры – жануарлармен өзара әрекет ететін адамның бейнелі және эмпатиялық сәйкестігі, сондай-ақ, осы мәселедегі философиялық-этикалық мәселелер. Жануарлар туралы әдеби зерттеулер аясындағы әдеби еңбектерге жануарлардың әдеби және мифологиялық бейнелері де енеді. Кэри Вулф жануарларды зерттеу «қарапайым ғана тақырып» болмауы керектігін, себебі мұнда субъекті пен оның антропоцентристік негіздері түбегейлі түрде талас-тартыс нысанына айналғанын айтады.

Жануарлар туралы әдеби зерттеулердің міндеті – жануарларды қадірлемеуді жою. Бұл саладағы жұмыстар жануарларды пассив, жансыз жаратылыстар деп қараған дәстүрден алшақтайды.

II Иерархия

Дженнифер МакДонелл* адамның үй жануары – итті қабылдау, қолдануы туралы нақты мысалдарды келтіреді. Ғалым АҚШ-тағы Бандит және Майкл Вик (Диккенстің «Оливер Твист» шығармасына сілтеме жасай отырып) туралы оқиғаны мысал етіп, жануарлар туралы зерттеулер жүргізуге тырысады. Жануарлар категориясы – шартты категория, доминантқа байланысты өзгергіш келеді: адам құқығы жануарлармен тығыз байланысты, адам мен жануарлар категориясы ғылымның басты зерттеу тақырыбы болатыны сондықтан.

Дженнифер МакДонелл* бір қызықты әңгімеге талдау жасайды. Ол Бандид есімді ит туралы туралы сөз етіп, оның 1987 жылы өлім жазасына кесілгендер камерасында отырып, шектен тыс ызаға булыққанын айтады. «Бандит: қауіпті ит құжаттамасы» туралы толық әңгіме 2002 жылы жарияланды. Авторы – тілші, ақын және жануарларды жаттықтырушы Вики Хирн. Қысқаша сипаттасақ, әңгіме былайша баяндалады: Бандит – Стэмфордта тұратын қара нәсілді, қартаң, кедей мистер Ламон Реддтің иті бір күні қатты ызаланып, көршіні тістеп алады. Көршісі Реддтің мүлкін бүлдіріп, Бандитпен серуендеп жүрген Джонсонға – Реддтің квартиранттарының біріне қол жұмсайды. Бандитті қожайынынан алып қойып, қамап тастайды. Қамауда Бандитке немқұрайдылықпен қарайды. Кейін ит қожайынына оралғанда, тәртіпсіз әрекеттер жасай бастайды, бір күні аулаға сиіп қойғанын көріп, мистер Редд оны ұрып жібереді. Қамауда жатып, әбден ызаланып біткен ит қожайынын да тістеп алмақ болады. Бұл жолы иттерді мемлекеттік бақылау қызметі келіп, Бандитті ұстап әкетеді. Коннектикут штатында сот жүріп, сарапшы ретінде арнайы шақырылған Вики Харн Бандиттің қамауға алынғанға дейін өте тәрбиелі әрі тілалғыш ит болғанын дәлелдейді.

Алайда бұл 2007 жылы жарияланған жай ғана «итті өлім жазасына кесілгендер камерасынан құтқару тарихы» емес-ті. Соттың шешімі мистер Реддті қатты ренжітті. Ол Вики Хирнді итін ұрлап алды деп айыптады: «Оңтүстікте қара нәсілді адамның қолына жақсы бір дүние түссе болды, ақ нәсілді адам оны дереу тартып алатыны несі?!» – деп ашуланды ол. Мистер Редд мінберге шығып, Бандитті жақтамақ болғанда, Хирн әжептеуір ренжіп қалды: «Менімен көрші тұратын көптеген әйелдерге Бандит қатты ұнайды. Бірақ бұл әйелдердің тері түсі басқа, яғни қара нәсілділер. Ақ нәсілді әйелдерге Бандит ешқашан ұнамаған еді». Хирннің сөзінше, Редд нәсілшілдікке бой алдырған, алайда сот үстінде төреші оны назарға алмады.



Егер бүгінгі таңда ит, мәселен, питбуль жеккөрушілік нысаны болып саналса, Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Еуропада ең жек көретін иттің түрі – овчарка және доберман болған, ал 1830 жылдары Англияда Чарльз Диккенстің «Оливер Твист» романындағы Билл Сайкстың иті (Бұқа көз) болған. Билл Сайкс бүгінде – ең күрделі ит кейіпкер, оның аты бұқалар мен терьерлердің арасында байланыс болғанын білдіреді. 2007 жылғы «Оливер Твист» романының басылымдарында қарғыбауы бар бультерьер ит туралы айтылған.

МакДонеллдің* ойынша, иттердің түрлерін ерекшелеу – қауіпті ит дискурсы болып саналады. Бультерьер Винтаждың басылымдарының сыртқы мұқабасында бейнеленген. Себебі бультерьер – питбуль деп қате қабылданып келеді. Бультерьер, әдетте, наркобарондар мен көше бұзақыларымен байланыстырылады, олар иттің бұл түрін иттерді таластырғанда және жалпы бойтұмар ретінде пайдаланады. Қазіргі заманғы американдық мәдениетінде американдық питбульдері мен басқа да итталасқа арналған иттер әдетте, афроамерикандықтармен байланыстырылады.

Мейша Розенберг өзінің иттің түрлері мен итжарыстар туралы мақаласын «Алтын түсті ақ ретриверлер, қара түсті питбульдер болса, чихуахуа – испантілді иттер» деп атайды. 2007 жылы «Атланта Фальконс» қорғаушысы Майкл Вик 6 жыл бұрын иттерді таластырған және ұйымдастырған деп айыпталған болатын.

Тәлімбақтардың атауы Ридли Серклдің Вирджиния штатындағы Ньюпорт-Ньюостағы ИстЭнд атты афроамерикан ауданындағы тұрғын үйлердің құрылысы жобасына қатысты. Міне, осы ауданда Вик бұзақылар, зорлық және наша саудасы арасында ержеткен екен. Вик осындай аудандағы иттердің таласын ұйымдастырып қоймай, құмар ойындарына қатысқан және иттерді аяусыз сабаған деп айыпталады. Ал БАҚ-нда осы тақырып төңірегінде тіпті Вик иттерді дарға асып, суға батырып, электрошокпен қорлап, атып, қызық көргені жазылған. Виктің 15-акрлық иелігінде жергілікті, мемлекеттік және федералды билік өкілдері жетпістен астам итті, әсіресе питбульдерді тапқан екен. Көптеген иттер жоғарыда айтылған азаптауларға түскені көрініп тұрды. Виктің адвокаттары ол өскен ауданда және «қара нәсілді» мәдениетте иттерді таластыру – қалыпты жайт болғанын, ал «Терісі басқа түсті адамдардың құқықтарын жақсарту бойынша ұлттық ассоциация» өкілдері болса, Виктің оқиғасы – АҚШ пен оның институттарындағы жүйелі нәсілшілдіктің көрінісі деп айыптады. Басқа жағынан алғанда, этикалық қоғамнан шыққандар Викті социопат, адамдар арасында өмір сүруге лайық емес деп ұрандатады.

Бандит пен Майкл Виктің ісі бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында өрбіген пікірталастарға сектораралық және антинәсілшілдікке негізделген балама саясат сипаты жетіспеді. Мұндай пікірталастарда нәсілдік, мәдени және басқа да төмендетушіліктер мүлдем қаралмады. Нәсілдік стереотиптер секілді, «қауіпті ит дискурсының» нәтижесі – мәдениет, әртүрлі топтар мен әртүрлі кеңістіктерде жүзеге асқанына қарамастан, біртекті болып табылатын құндылық екенін дәлелдеуі тиіс. Әсіресе, үй жануарларына қатысты. Харриет Ритво иттердің түрлері – викториандық орта топтардың ойлап тапқан қатесі деп пайымдайды. 1873 жылы иттерге арналған «Тәлімбақ клубы» құрылғанға дейін иттер атқарған қызметіне қарай топталып келді. Классификатор, әдетте, иттердің ақсүйек түрлеріне басты назар аударды. Аңға арналған және ізкесуші иттер жоғарғы қатарда тұрса, ортаңғы қатарға – фермерлік иттер орналастырылды, ал қора күзететін иттер – тізімнің ең төменгі қатарында тұрды. Бұл типология иттердің қызметіне және іс-әрекетіне байланысты жасалған. Әрбір иттің этнографиясы мен әлеуметтік тарихы бар, ал генеалогия – мәдениет пен генетикалық мұрагерлікте өмір сүру тарихы.

Бандит пен Виктің ісіндегі эссенциалистік көзқарастарға қарсы біз иттерді түрлерге бөлу – кездейсоқтық емес, билік қатынасының бір көрінісі дейміз. Батыс әдебиетіндегі дуализмді (мастер/бағынышты адам, еркек/әйел, адам/жануар, ақ/қара, себеп/табиғат) феминистік, постколониалды этникалық салалардың теоретиктері зорлық иерархиясының көрінісі деп бағалайды. Ал бұл екеуінің арасындағы «аралыққа» ешкім аса назар аударып та қарамайды.

III

Дженнифер МакДонелл* жануарларды зерттеу бойынша канондық мәтіндерді, оның ішінде әдебиет бойынша 2003 жылғы Нобель сыйлығының лауреаты, оңтүстікафрикалық жазушы әрі



тілтанушы Джон Максвелл Кутзее «Абыройсыздық» романын мысалға алып, оның кейіпкері Дэвид Луридің иттерге арналған тәлімбақтың қажетсіздігі туралы пікірін алға тартады.

Доун МакКэнстің «кіріспе» атты эссесінде жануарлар туралы гуманитарлық ғылымдар төңірегінде жүргізілген зерттеулер нәтижесінде антропоцентризм мәселесі туындайтынын жазады. Әдеби мәтіндер, тура жануарлар сияқты сана мен сезімнің ықпалына түседі. Соның бірі осы «Абыройсыздық» романы деп бағалайды МакДонелл. «Абыройсыздық» – дұрыс ойлау шегарасы туралы туынды, мұнда адамдар өздерін жануарлар әлемінен ажыратып алуға талпынған.

Романда адам мен жануар арасындағы айырмашылықты технология көмегімен дәлелдеуге тырысқан. Романның аяғында құрбандық және күнәдан арылуға қатты сын айтылған. Дэвид Лури өзінен және бауыр басып қалған Дэвид атты итінен бас тартуға мәжбүр. Лури тіпті Кейптегі техникалық университеттегі оқытушылық қызметінен бас тартып, Шығыс провинциядағы шағын учаскеге қызы Люсиді алып көшіп кетеді. Мұнда гүлдер мен көгөністер өсіріп, көрші қаладағы базарға апарып сатып отырады. Сондай-ақ иттерге арналған тәлімбақты басқарады. Жануарларға арналған жергілікті тәлімбақта ерікті ретінде жұмыс жасай отырып, Дэвид Бев Шоуға жануарлардың негізінен, иттердің эвтаназиясын жүргізуге көмектеседі. Бірақ Дэвидтің іс-әрекетіне өзгеріс еніп, ол бауыр басып қалған иттен бас тарту үшін құрбандыққа барады. Роман «өлтіруші» жексенбімен аяқталады. Бұл күні итті қой секілді бауыздау үшін қыруға алып бара жатады. Кутзее Дэвидтің өзі үшін өлімге баруға дайын тұрған итінен бас тартқанын түсіндіруге болмайды деп есептейді. Кітаптың ең соңғы қатары былайша аяқталады: «Мен оны тастап барамын».

Бев Шоу Дэвидтің қаласа, итті құтқарып, өмірін тағы бір аптаға созыру мүмкіндігі бар еді деп есептейді. Бірақ бір күні келеді: Дэвид итті алып, Бев Шоудың ота жасау бөлмесіне апарып, сипап, инені тамырына кіргізген кезінде оған қолдау жасап, иттің аяқтары дірілдеп, жаны тәнінен шығып жатқанда, мейірім төгіп, сосын өлі денесін қапқа салып алып кетіп, келесі күні қапты отқа жағуға апарып қана қоймай, күлге айналғанша, күтіп тұрады. Дэвид осының бәрін бауыр басқан ит үшін жасайды, уақыты келгенде, жасайды. Әрине, бұл – болмашы ғана жақсылық, тіпті жақсылық та емес.

Дэвид осы айтқанның бәрін орындайды да. Итті қозы секілді қолына алып, ота жасау бөлмесіне әкеледі. «Мен сені иттің, тым болмағанда, тағы бір аптаға өмірін ұзарта тұрады деп ойлап едім, – дейді Бев Шоу, – Ал сен болсаң, оны тастап барасың, бар». «Иә, мен оны тастап барамын», – дейді Дэвид. Осымен роман аяқталады...

Дженнифер МакДонелл* Дэвидтің итке өмірінің соңғы сәтінде көрсеткен қамқорлығын ерекше атап, Дэвид итті құтқару үшін барынша талпынғанын айтады. Дэвидтің «Мен оны тастап барамын» деген сөзінен адамдар жануарлардың өмір сүретін не өлетінін шешуге қабілетті екенін дәлелдеді.

Бұл үзінді викториандық мәтіндерді еске түсіреді. Кутзее қылмыстық емес өлтіру кеңістігін – адам жанының трансценденттілігіне арналған кеңістікке теңейді. Құрбандық әрекеттері абыройсыздық әрекеттерін тудырады. Дэвид бауыр басқан итіне өзінің «жүзін, ернін, құлақтарын» жалауға рұқсат етеді. Бірақ оны өлімге апара жатқанда, Дарвиннің «Адамның пайда болуы» теориясын ұстанып тұр: «Ит пен оның қожайынына деген махаббаты баршаға мәлім; тіпті өлім аузында жатып та, ит қожайынын жалаумен болады. Өлтіру үшін өзіне ота жасап жатқан дәрігердің қолын да жалаған ит туралы оқиғаны білесіз бе? Егер адамның жүрегі қатайып кетпеген болса, мұндай сәтте мейірімділіктен қолы дірілдеп кетуі керек еді!».

Бұрын-соңды иттерге жеккөрушілікпен қараған Дэвид өзінің қолын жалап, жақындай бастаған итке біртіндеп мейірімділік таныта бастайды. Алайда МакДонелл* кейіпкердің бойындағы «меннің» біртіндеп «оған» қалай ауысқанына назар аударады. Дебора Берд Роуз итті «Балақай» деп атап, «құрбандық» туралы өзекті мәселені көтереді: «Балақайдан бас тарта отырып, Дэвид неге қол жеткізді?». Дебора Берд Роуз былай жазады: «Бір қарағанда, Дэвид иттен адам мен жануарлар арасындағы айырмашылықта көрсету үшін бас тартып отыр. Оның бұл таңдауы – Дэвидтің тұла бойында бостық пайда болғанын сезінуге» негіз болды. Бұл – оның нағыз абыройсыздығы еді...

Иттерді клиникаға әкелгенде, бірінші кезекте, әңгімелеуші оларды өлтіру керектігін, өйткені иттер көп, адамдардың олардан да көп екенін айтады. «Адамдар олардан көп» деген үзінді Томас Хардидің «Елеусіз Джуд» туындысындағы кішкентай әкенің өз-өзіне қол жұмсаған



сәтін елестетеді: «Оны жасауға себеп – біздің көптігіміз» деп, басты кейіпкер екі бауырын өлтіріп тастайды. Кутзее Луридің «артық» иттерге бауыр басыуының себебін түсіндіре алмайды. Лури өзінің қоқыс жағатын зауытқа әрбір дүйсенбі күні барып тұру себебін де түсінбейді. Бев Шоудың мойнындағы ауырлықты жеңілдету үшін бе? Бұл үшін қаптарды қоқысқа лақтырып тастап, кетіп қалу – жеткілікті болар ма еді?! Иттер үшін бе, әлде? Бірақ иттер ажал құшты ғой: иттер абырой мен абыройсыздық туралы не біледі дейсіз?! Элизабет Костелло (Кутзеенің бір романының кейіпкері) секілді Лури да – «жаралы», жануарларды механикалық түрде өлтіруден жараланған. Дэвид Лури басынан кешірген жарақат – этикалық мәселенің бірі, роман осы мәселенің әлі күнге айқын қарастырылмағанын көрсеткен.

МакДонеллдің* ойынша, роман Рэймонд Уильямстың сөзімен айтқанда, «сезімдер құрылымын» сипаттайды. «Абыройсыздық» романы қамқорлық, аяушылық, зорлық және немқұрайлылық секілді аралас аффектілерді суреттейді. Бұл сезімдер адам мен адам емес жануарлар арасындағы жақындықты көрсетеді. Вик пен Бандиттің оқиғасына қарап, адамдар мен жануарларға тән типтік қатынастар – қамқорлық, көңіл күй және зорлық т.б. сезімдердің, үй жануарларының қазіргі заманғы батыс қоғамында өзекті тақырып ретінде қаралып жатқанын көреміз.

Егер Дэвидтің иті сөйлей алса, не болар еді? Кари Вайль оған сұрақпен жауап беріпті: «Егер ол сөйлей алғанда,... біз оны түсіне алар ма едік?»

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. Адам мен жануарлардың қарым-қатынасын әдеби зерттеудің жануарлар әлемін ғылыми зерттеулерден айырмашылығы неде?

Әдебиеттер

1. Derrida J. «Eating Well» or The Calculation of the Subject: An Interview with Jacques Derrida (1991). Who Comes after the Subject? – Routledge, New York, 1991.
2. Wolfe C. Human. All Too Human: «Animal Studies» and the Humanities. – PMLA, 2009. – 124, 2.
3. Weil K. Thinking Animals: Why Animal Studies Now? – New York: Columbia University Press, 2012.
4. Derrida J. The Animal That Therefore I Am: More to Follow. – New York: Fordham University Press, 2008.
5. Fudge E. The History of Animals (2006). – H-Animal. – 2012. – 22 July. <http://www.h-net.org/~animal/ruminations_fudge.html>
6. Rosenberg M. Golden Retrievers Are White. Pit Bulls Are Black, and Chihuahuas Are Hispanic: Representations of Breeds of Dog and Issues of Race in Popular Culture. – Michigan: Michigan State University Press, East Lansing, 2011.
7. Ritvo H. Animal Estate: The English and Other Creatures in the Victorian Age. – Cambridge: Harvard University Press, 1987.
8. Coetzee J.M. Disgrace. – London: Penguin, 1999.
9. McCance D. Introduction. – Mosaic. – 2011. – 44, 2.
10. O'Sullivan M. Giving Up Control: Narrative Authority and Animal Experience in Coetzee and Kafka. – Mosaic, 2011. – 44, 2.
11. Darwin C. The Descent of Man, and Selection in Relation to Sex (1871). Princeton, NJ: Princeton University Press, 1981.
12. Rose D. Wild Dog Dreaming: Love and Extinction. – Charlottesville: University of Virginia Press, 2011.
13. Hardy T. Jude the Obscure (1895). – London: Macmillan, 1974.
14. Cora Diamond. The Difficulty of Reality. Cited by Wolfe//Introduction, in Philosophy and Animal Life. – New York: Columbia UP, 2008.